



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ САН КОМПОНЕНТТІ КЕЙБІР ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Құрбан Жібек Оразалықызы

Zhibek_1995@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Н. Жұмай

Қазақ халқының тілі- бай. Әр сөзін талдай білген, әр сөзіне мән бере білген халық. Қазақ халқы тек сөздің ғана емес, санның да өзіндік қасиетін, тәрбиелік мәнін, саналы орнын терең түсінген. Сан есімдер ұйытқы болған тұрақты тіркестердің бойында халық санасындағы мифтік, магиялық түсініктер мен танымдар сақталған. Шынында да, қазақ әр санның қадірі мен қасиетін салмақтап, өзіне тән ерекшелігін саралап, орнына, маңызына сай қолданған. Әр санда өзіндік мақсаты мен мағынасы болатынын жақсы түсінген. Тұрақты тіркестерсемантикасынан ұлттың мәдени болмыс мен ойлау жүйесін, қоршаған дүниені қабылдаудағы ерекшеліктерін, салт-дәстүрін айқын аңғаруға болады.

Кез-келген санның түбінде қандай да бір ой жатыр. Сол идеяның мағынасын түсіндірумен сандар ілімі (нумерология) айналысады. Ол арқылы әр санның шығу төркінін, мән-мағынасын, оның адам өміріне деген әсерін ұғынуға болады.

Қазақ тілінде сандар әртүрлі қырынан зерттелген. Мысалы, сандардың ішінен киелі сандар бөліп алып қарастырылады; сондай-ақ сан төңірегіндегі ойлардың мағынасы мен тарихы, сандардың этнолингвистикалық сипаты, лингвомәдени мәнділігі де қаралып келеді. Осындай зерттеулердің біріғалым І.Кеңесбаевқа тиесілі. Ғалым біршама фразеологизмдерге ұйтқы болған сандардың семантикалық қызметін анықтап, олар көне замандағы діни сенімдермен байланысты болып шыққан киелі сандар деген қорытынды жасайды [1].

Сонымен қоса, қазақ тіл білімінде сандардың әр түрлі аспектілерін А.Елешева, Қ.Ғабитханұлы, Ә.Хасенов, Ә.Қайдар, Т.Жанұзақов, Қ.Тажиев, Е.Қойшыбаев, Н.Оралбаева, Т.Сайрамбаев, Ж.Байзақов, Ф.Ахметжанова, Қ.Дүсіпбаева өз еңбектерінде жан-жақты қарастырды.

Мәдени мағынасы бар материалдық әлемнің таңбалары мәдени таңбаларға айналып, адамда оның екіншілік қасиеті бойынша қолданыс табады. Осыған байланысты ғалым Р.Авакова: «Кез-келген халық санасында қалыптасқан символдар болады, ол символдар әрқашан уәжделеді, яғни олар дәлелді. Тіл-тілдің идиомасында фразема жасайтын символдық компоненттер болады, оларды кейбір ғалымдар ұйытқы компоненттер деп атайды», - деп тұжырым жасайды [2, 161]. Символдық коннотация соматикалық фразеологизмдер, зооморфтық фразеологизмдер, түр-түстік және сандық фразеологизмдер арқылы берілуі мүмкін.

Фразеологизмдердің жасалуына ұйытқы болатын сөздердің бір тобы – сан есімдер. Фразеологизмдер құрамындағы сан есімдердің қолданысына ғалым І.Кеңесбаев: «Бұл сөздердің белгілі бір тізбек, тіркестерге түп қазық болу себебі халықтың ежелгі дәуірдегі ұғым-түсінігімен, салт-санасымен ұштасып жатыр. Фразеологизмдер ішінде бұл сөздер нақтылы сан мағынасында қолданылуы шарт емес», -дейді [2, 612].

Тұрақты сөз тіркестерінің жасалуына бір, екі, үш, жеті, мың, т.б. сан есімдер ұйытқы болу мүмкін. Себебі, сан есімдер халықтың ежелгі ұғым-түсінігімен, салт-санасымен ұштасып жатыр. Бірақ бұл сөздердің тіркес ішінде нақты сандық мағынада қолданылуы, жоғарыдағы ғалым айтып өткеніндей, шарт емес.

Алдымен құрамында бір сан атауы бар фразеологиздерді талдауға кірісейік. Ағылшын және қазақ тілінде бір саны азғантай, сирек деген мағынада тұрақты сөз тіркестерінің құрамында қолданылуы мүмкін. Мысалы, *one in a thousand* – мыңнан біреу (бірі), көптен біреу, сирек деген мағына береді. Мыңнан біреу шыққанда басшы болып, жүзден біреу шықса екен соңына ереп (М. Дулатов). *I take my hat off to the woman! She's one in a thousand* (A. Christie, 'N or M?', ch. III). Мысалдардан көріп отырғанымыздай, қазақ тіліндегі де, ағылшын тіліндегі де *one in a thousand* – мыңнан біреу (бірі) тұрақты тіркесінің беретін мағынасы бірдей деуге болады.

Бірде болмаса, бірде - *one of these days, every once in a while*. Бір сан есімі негізінде жасалып, үстеудің қызметін атқаратын бірде сөзі “талғаулық” семантикалық реңкін қоса алады. *Every once in a while I play tennis with my friend*. Бірде болмаса, бірде Әлішпанов ән тыңдаймын десе, не бетімізді айтамыз (К. Қамзин). Қарастырылып отырған қазақ және ағылшын тілдерінде берілген мысалдар беретін мағынасы бойынша жуық, яғни бірде, кейде үстеуінің ұызметін атқарып тұрғандығы байқалады.

Мың жолдас жақсы, мың жолдастан бір дос артық - *a good friend is worth more than a hundred relatives*. Сан компоненті екі затты бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы ойдың мән-мағынасын ашады. Осы мысалда бір саны аз, ал мың көп дегенді білдіреді. Олардың бәрімен жолдас болуға тырысудың қажеті жоқ. Қазақ тіліндегі осы тіркес «мың жолдас жақсы, мың жолдастан бір дос артық» деген ой түйеді.

The voice of one man is the voice of no one/ one man in the field is no warrior - жалғыздың шаңы шықпас. Осындағы бір сан есімі қазақ тілінде жалғыздық пен әлсіздіктің белгісі ретінде қолданылып тұр. *Mark tried to revolutionize the system all by himself. However, one man in the field is no warrior*. Аталған мысал ағылшын тілінде де жалғыздық, әлсіздік, қолынан ештеңе келмеушілік мәнін беріп тұр.

Келесі қарастырылатын тұрақты тіркестердің басты компоненті екі сан атауы. Екі саны жұп сан болғандықтан қарастырылып отырған екі тілде де қарама-қайшылық, жұптылық символы болып табылады. Мысалы:

1) *Between a rock and a hard place* – екі оттың ортасында, екі түрлі қиын шешімнің біреуін таңдауға мәжбүр болу. *As NATO enters the third month of its air war in Yugoslavia, it finds itself between a rock and a hard place*. Украина мен Ресей арасындағы қырғиқабақ қарым-қатынас бүтіндей бір халықты берекесінен айырып, екі оттың ортасында қалдырды.

2) *Between two stools one goes to the ground* – екі кеменің құйрығын ұстаған суға кетеді, екі іспен қатар айналасу қиын болады, соңы сәтсіздікке алып келеді. "Екі кеменің құйрығын ұстаған суға кетеді" дегендей, екі жаққа да тыңшы боламын деп, қытайдың тұзағына түсті емес пе Манапхан? (Т. Рыскелдиев).

3) *In two minds about (something)* – екі ойлы болу, толғану, ойға бату. *My niece is in two minds about whether or not she will visit me this summer*. Көңілге келгенде адам оны істесем ба істемесем ба деп екі ойлы болады.

4) *Two-faced* – екі жүзді, кісінің көзінше бір түрлі, сыртынан екінші түрлі сөйлейтін адам. Жазушының бір ғана қабілеті бар. Ол өмірдегі шындықты көзімен көріп, оны нағыз шебердей суреттейді. Қалғандары екіжүзді адамның тірлігі ғана (Ги де Мопассан). *John is two faced because he will only talk to me when his friends are around*.

Осы келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, екі компонентті сан есімдер ұйытқы болған тұрақты тіркестер қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де жуық мағынаны білдіріп, екі жүзді адамның жағымсыз іс әрекетін бейнелеуде қолданыс тауып тұр.

Қазақ-ағылшын тілдеріндегі «үш» саны тірек болған фразеологизмдер аса көп болмағанымен, екі тілдегі «үш» санының магиялық сипаты, мәдени кеңістіктегі орны ерекше болып табылады. Мифологиялық түсінік бойынша, әлем үш қабаттан тұрады: аспан, жер, жер асты. Сондай-ақ үш саны өткенді, қазіргіні, болашақты білдіреді. Тілімізде үш жұрт, үш жүз, үш қайтара сәлем беру, үш қайнаса сорпасы қосылмау, т.б. сияқты тұрақты тіркестер жиі кездеседі. Адам өмірінің үш кезеңін, яғни, балалық шақ, жастық шақ, қарттық шақты айтады. Құрамында үш саны бар тұрақты тіркес мысалы, *the best fish smell when they*

are three days old – қонақ бір келсе – құт, екі келсе – жұт, үш келсе – жыт. Көп қонған қонақтың қадірі жоқ деген мағынада қолданылады. Guests, like fish, begin to smell after three days (B. Franklin). Ал ағылшын тіліндегі мысалдың сөзбе-сөз аудармасына назар аударсақ, «қонақтар - балық сияқты, үш күннен кейін иістене бастайды» мағынасын беріп, үш күннен кейін қонақтың да қадірі кете бастайтындығын білдіріп тұр.

Төрт саны қазақ танымында тұрақты бүтіндікті білдіреді. Мысалы:

1) Төрт тұрманы түгел сай – керек-жарағы түгел. Сағынам ауызға алсам Исатайды, Жігіт еді төрт тұрманы түгел сайлы (Ш.Ж.).

2) Төрт түлігі сай болды – малға байыды. Төрт түлік деп түйе, жылқы, қой, сиыр малын айтады. Ерте заманда Ерназар деген кісі болыпты. Ерназардың өзі бай болыпты. Төрт түлік малы сай болыпты (Ер төстік).

Ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестерде төрт сөзі сирек кездеседі. Осыған мысал ретінде, on all fours тіркесі – төрт аяқтап, еңбектеп деген мағынаны береді. Many of those pigs live here. Do they ever wonder why their masters walk upright in lieu of going on all-fours? And why they talk instead of grunting? (Ch. Dickens, 'American Notes', ch. XI).

Фразеологизмдерде бес сан есімі көбінесе адамның қол мен аяғындағы саусақтарының санын білдіреді. Құрамында «бес» саны бар қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер:

1) Бес саусақтай білу, бес қолдың саласындай білу - have smth at one's fingertips; know smth backwards, know smth like the back of one's hand, know smth as the palm of one's hand. Жетік, жатқа білетін мәселеге байланысты айтылады. Барлық сабақты бес саусақтай біліп алып, барлық класты аузына қаратса ғой! – деп қиялданады Сапар (М.И.).

2) Бес саусақ бірдей емес – all bread is not baked in one oven. Яғни, адам мен адамның арасы жер мен көктей, бәрі бірдей емес деген мағынада қолданады. «Бес саусақ бірдей емес». Қазақстандық тұрғындардың әлеуметтік жағдайы да біркелкі емес (Г.Бектас).

Ал ағылшын тілінде келесідегідей мақал бар: he that will thrive, must rise at five - ерте тұрған жігіттің бір ісі артық, ерте тұрған әйелдің ырысы артық. Таңмен ерте тұру қабілеті уақытты үнемдейді, өз кезегінде уақытын тиімді пайдаланатын адам табысты бола алады. Бұл мысалда бес сөзі уақытқа байланысты ерте деген мағынада қолданып тұр.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер құрамындағы алты сан есімі төрт секілді “топ адам, бір қауым ел, көпшілік” және “жеке адам, нақтылық” мәндерін бір-бірімен тоғыстыру қызметінде жұмсалады. Мысалы: ағайын – алтау, ана – біреу; алты аға бірігіп әке болмас, жеті жеңге бірігіп ана болмас; аласыға алтау аз, бересіге бесеу көп т.б. Бұл мақал-мәтелдер ананың қадірін білуге, барды қанағат етуге шақырады. Ал алты алаш тіркесі ескі дәуірде күллі қазақ деген ұғымда қолданылған. Білемін, хан Байеке, нарлығынды, Келсе кең, қайтса қайтпас тарлығынды, Баласын алты алаштың шырқ иіріп, Ел билеп жүріп тұрған хандығынды (Ш.Ж.).

Сонымен қоса алыс деген мағына беретін тұрақты тіркестердің құрамында да алты саны кездеседі. Мысалы: алты қабат аспанның ар жағында, алты қырдың ар жағында, алты қырдың астынан (far away from here). Алты қырдың ар жағында жүрсе де, аман жүрсін, өлтірмей оны өтірікші әйелге беріңіз, мен баламның тірлігін тілеймін сияқты мысалдарды қазақ тілінде көптеп кездестіруге болады. Ал ағылшын тілінде алты сан атауы ұйытқы болған фразеологизмдер жоқтың қасы деуге болады.

Біздің ата-бабаларымыз жеті санын қастерлеп, бірқатар таным-түсінігі мен табиғат құбылыстарын, аспан денелерін жеті санымен атайды. Ол діни түсініктермен де өте тығыз байланысты. Себебі Алла барлық жанды және жансыз заттарды жеті күнде жасап бітті деген түсінік бар.

Сондай-ақ біздің таным – түсінігімізде ерекше аталатыны: Жеті ата. Бұл –қазақ халқының дәстүрлі салт-санасында адамның ата жағынан тегін таратудың нақты жүйесі. Әрбір қазақ баласы өзінен бастап жеті атасының аты-жөнін білуге міндетті. Өйткені қазақта жеті атаға дейін қыз алыспайды, оған дейінгі ұрпақ бір атаның баласы – туыс саналады. Сол себепті ата-бабаларымыз: «жеті атасын білмеген жетесіз», «жеті атасын білмеген жетімдіктің белгісі» деп ұрпақтарына жеті атасын білуді өсиет, аманат етіп

айтып кеткен. Осы түсінікке байланысты құралған фразеологизмдерге тоқталсақ:

1) Жеті ата жау – ежелгі дұшпан. Жөні келер іс етсем – жайнаңдаған, кесе келсем – көрмесіп бажбаңдаған. Бірде тату, бірде араз, құбылма дос, досым түгіл жеті ата жаудан жаман (Б.К.).

2) Жеті атасына бітпеген – өмірінде үрім-бұтағына бітіп көрмеген. Жеті атасына бітпеген дәулет Құдайменде мен Тәңірбергенге арнап тұр (Ә.Н.).

3) Жеті атасын өлтірген – дүниеқор, дүние қоңыз. Досың жоқ, дұшпаның жоқ, тыныш жатасың, Мал үшін аш қатасың, жан сатасың, Әкесі аштан өлген кісідей-ақ, Неткен жұрт мал өлтірген жеті атасын?! (Абай).

Халқымыздың ежелгі дәстүрінің бірі, бала туғаннан кейін жеті күннен кейін тойлап, адам дүниеден өткеннен кейін жеті күннен кейін жетісін өткізеді. Егер адам жеті ұлттың тілін білетін болса – дана адам болып есептеледі. Ертеде бір нәрседен қатты қорқып сескенгенде, сыйынғанда құдайға, аруаққа жалынып, кездескен қиындықтан өзін сақтауын тілеп, киелі жұма күні – жеті шелпек пісіреді. Бұл жеті шелпекті жеті үйге таратып берген. Осылайша, аруақтарды еске алып отырса адамның өмірде жолы болып отырады деген наным болған. Мысалы, жеті құдайы нан, жеті тиын садақа, жеті тиын нәзір тұрақты тіркестері. Түнеугүні бір қатты ауырғанымда зындандағы пәнделерге жеті нан құдайы айтып едім, сол нанымды әкелемін (ҚЕ).

Ал ағылшын тілінде жеті саны “in seventh heaven” тұрақты тіркесінде кездеседі. Қазақ тілінде осы тіркеске сәйкесінше “төбесі көкке жету” фразеологизмі қолданылады. Бұл аспан жеті қабаттан тұрады, ал ең үстіңгісінде Құдай мен періштелер өмір сүреді деген түсініктен туған тіркес болып табылады. The woman has been in seventh heaven since she moved to the new department. Ағылшын тіліндегі аталған тіркестің де беретін мағынасы осы ойға сай келеді. Бұл қазақ және ағылшын халықтарының түрлі ұлт, тілі мен діні бөлек болғандығына қарамастан, халықтар нанымындағы сенімнің, аспан ілемі жайлы ойының бір арнаға тоғысатындығын көрсетеді.

Қорыта келгенде, тілдік таңбаның ерекше түрі болып табылатын фразеологиялық бірліктерде ұлттың мәдени жемістері, яғни халық ауыз әдебиеті, діни философиясы, салт дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, мифологиялық дүниетаным көздерінің іздері жатыр. Осы мақалада сандарұйытқы болған біршама фразеологизмдердің екі тілдегі аудармасы, семантикалық қызметі, көне замандағы діни сенімдермен байланысы, этимологиясы және қолданылу ерекшеліктері қарастырылды.

Қолданылған әдебиет

1. І. Кеңесбаев. «Жеті», «үш», «тоғыз», «қырық» пен байланысты ұғым // Қаз. ССР Ғылым акад. хабарлары. Филология сериясы, 1946, 4-шығарылым.
2. Р.Ә.Авакова. Фразеология теориясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 292 б
3. І.Кеңесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. А.: Ғылым, 1977.-712б.
4. Ү. Кеңесбаева. Ағылшынша-қазақша фразеологиялық сөздік. Астана. 2010.

УДК 81.33

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ОТАНДЫҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Құрманова Назым Есентайқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ә.Қ. Ахметов

Фразеологизмдер тіліміздің мәдени мұрасы болып табылады. Осы күнге дейін фразеологизмдер кең ұғымда қолданылып келді. 1990 жылы шыққан «Лингвистикалық